

8D01450 (6D012000) – «Кәсіптік оқыту» философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының
компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-
әдістемелік негіздері» тақырыбындағы Битемирова Шолпан Абутобаевнанның
диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына <u>сәйкес</u> (бағытын көрсету) келеді.	Ізденушінің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына толықтай сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу келесі мемлекеттік және стратегиялық құжаттарға негізделеді: Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде сәйкестігі: Қазақстан республикасы «Білім туралы» Заңы, «Ғылым туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының жоғары және орта білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған басқа да құжаттар аясында орындалған. Зерттеу жұмысы Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қарастырады. Битемирова Шолпанның диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағытына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді «Қазақстан -2050» стратегиясына, «Педагог» кәсіби стандартының, жоғары білім мен ғылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық актілерге толық сай келеді. Зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік құндылығы мен білім беру жүйесіне енгізу әлеуеті жоғары деп бағаланады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u> / қоспайды,	2. Болашақ кәсіптік оқыту педагогын даярлау саласына зерттеу жұмысынан алынған ғылыми практикалық нәтижелер

		ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	маңызды үлес қосады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы. Ұсынылған құрылымдық-функционалдық моделі мен компьютерлік-графикалық құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың дидактикалық шарттары, оқу әдістемелік кешені кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған. «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» атты элективті курс бағдарламасы оқу әдістемелік кешен, әдістемелік нұсқау, «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» атты электронды практикалық жұмыс, оқу құралы, электронды оқу құралдары, рөлдік ойынды оқу үдерісіне ұсынылған. Кешен болашақ педагогтың компьютерлік-графикаға мотивациясын арттыратын, құзыреттілігін қалыптастыруға арналған құралдармен қамтылып, оқу үдерісінде нәтижелі пайдалануға әсер етеді. Зерттеу нәтижелері кәсіптік оқыту педагогын даярлау жүйесіне сай келетін, тәжірибеге бағытталған жаңа шешім.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	3. Докторант диссертациялық жұмысын толықтай өз бетінше орындаған. Зерттеу барысында ғылыми мәліметтер нақты әрі дәл ұсынылып, автордың талдаулары мен қорытындылары логикалық жүйелілігімен және тілдік сауаттылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысындағы ғылыми еңбектерге жасалған талдау дәйектілікпен жүзеге асырылып, алынған нәтижелер негізіндегі тұжырымдар анық әрі мазмұнды баяндалған. Докторант диссертацияны жазу үдерісінде жоғары «деңгейдегі ғылыми мәдениетін көрсете білді.
		4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	4.1 Диссертация өзектілігі дәлелді негізделген. Зерттеу барысында диссертанттың мемлекттік бағдарламаға, тұжырымдама, психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен тәжірибелерге жасаған талдау нәтижесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігі артып келе жатқанына қарамастан, мақсаттар мен нақты нәтижелер арасында келесі қарама-қайшылықтар байқалатынын көрсеткен

4.	Ішкі бірлік принципі		- компьютерлік графикалық бағдарламаларды пайдалану, педагогтың компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен қазіргі білім беру бағдарламаларының мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі; - кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін жетілдіру қажеттілігі мен оны қалыптастыру әдістемесінің, дидактикалық шарттары мен құралдарының дамымауы арасындағы қарама-қайшылықтар; - болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін теориялық негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырылуы мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінде де жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеуі. Осы қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеу мәселесінің өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	4.2 Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толық әрі кешенді түрде айқындайды. Атап айтқанда, болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі ұғымының мәні нақтылаумен, бүгінгі жағдайымен, әдіснамалық тәсілдерін анықтаумен, құрылымдық-функционалдық моделін жасаумен және тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін дидактикалық шарттарды айқындаумен, ОӘК әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыс барысында тексерумен негізделеді.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді;	4.3 Докторанттың диссертациялық жұмыстың тақырыбы зерттеу мақсаты мен міндеттерімен толық сәйкес. Зерттеу мақсаты болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемесін ұсыну және оны тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру. Мақсатқа жету үшін айқындалған міндеттер: - болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі ұғымының мәні, мазмұны, құрылымын нақтылау; - болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін жасау;

			- болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттарын айқындау; - ЖОО-да болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында тексеру.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	4.4 Диссертациялық жұмыс үш тараудан тұрады. Бірінші тарау зерттеу проблемасының теориялық негіздерін айқындауға арналса, екінші тарау зерттеу проблемасының моделін, дидактикалық шарттары мен оқу-әдістемелік кешен, ал үшінші тарау қалыптастыру әдістері мен тәжірибелі-эксперименттік жұмысының нәтижелерін баяндауға арналған. Олардың әрбір тарауы мен тармақшалары сәйкес және бір-бірімен өзара логикалық байланыста құрылған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылыми болжамның негізділігін айқындап, қойылған мақсаттар мен міндеттердің толық байланысын көрсетеді.
		4.5 Диссертацияның ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрынан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	4.5 Зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген ғылыми шешімдері <i>сыни талдау бар</i> екені, «құзыреттілік», «графикалық құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарын нақтылау ғалымдардың берген анықтамалырына талдау жасау (кесте 1,2,3) «компьютерлік-графикалық құзыреттілік» «болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі» ұғымының құрылымы, құрамдас бөліктерін айқындау (сурет 2,3) негізінде өз анықтамалырын берумен және зерттеу проблемасының негізгі түйінін моделге түсірумен (сурет 6). Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттарын анықтаумен, «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» элективті курсты енгізу мен ЖОО орындарындағы болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы ОӘК әзірлеумен айқындалады.
			5.1 Диссертант Битемирова Шолпанның зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертанттың «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі ұғымына білім алушының компьютер техникасымен арнайы бағдарламада графикалық ақпаратты құрастыру, өңдеу, жобалау бойынша білім, іскерлік, дағдыны кәсіби іс-әрекетте қолдана алу шеберлігі» деп өз анықтамасын беруі сенімді дәлелді шыққан. Өйткені анықтама (1 тарау, 1.1) осы ұғымның құрамдарын анықтау нәтижесінде алынған. Зерттеудің екінші нәтижесі жаңа екендігі болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруда құрылымдық-функционалдық модел жасауы. (Сурет 6) Үшінші нәтиже жаңа себебі. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруда құрылымдық - функционалдық моделін тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін дидактикалық шарттарды (Компьютерлік графикалық іс-әрекетке ынталандыратын оқу ортасын құру; «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» атты элективті пән мазмұнын құрастыру; оқу үдерісін оқу-әдістемелік кешенмен және қажетті ресурстық базамен қамтамасыз ету; болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін оқытудың түрлі әдістері мен құралдарын пайдалану) пайдалану негізінде жүзеге асырылды. Төртінші нәтиже жаңа себебі: Тігін бұйымдарын өңдеу саласы бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі ұсынылды және оның тиімділігі дәлелденген элективті курс пен оқу құралын, оқу-әдістемелік кешенді (бағдарлама, оқу құралы, электронды оқулық, әдістемелік нұсқау, жаттығулар мен тапсырмалар жиынтығы, дидактикалық материалдар) ендіру арқылы болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін кезең-кезеңімен қалыптасуын қамтамасыздандырады.
		5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>;	5.2 Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңашыл сипатымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында кәсіптік

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін, маман даярлау жүйесінің тиімділігін педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» электронды оқу құралы, практикалық жұмыс негізінде сарапталды. Аталған құралдың көмегімен студенттердің практикалық даярлық сапасына сандық тұрғыда кешенді бағалау жүргізіліп, ұсынылған әдістеменің нәтижелілігі нақты көрсеткіштер негізінде дәлелденген. Ізденуші докторант жүргізілген зерттеу мәселені толық шешуді мақсат тұтпайды, керісінше оны дамытуды қажет ететінін түсінетіндігі.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	5.3 Диссертациялық жұмыс кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу аясында ұсынған оқу әдістемелік кешен ғылыми жаңалығымен сипатталады. Ұсынылған тұжырымдар ғылыми негіздемелермен, оқу үдерісіне енгізілген «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» элективті курс мазмұнымен, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелерімен және жарияланған ғылыми еңбектермен толық дәлелденген. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ж. Тәшенев атындағы университеті, Шымкент университеттерде асырылған тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар арқылы айқындалып, оларды білім беру үдерісіне енгізу актісімен ресми түрде расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар жоғары оқу орындарында теориялық әрі практикалық маңызға ие. Автордың әзірлеген оқу әдістемелік кешенін жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде, педагогтердің біліктілікті жетілдіру тәжірибесінде кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылыми тәжірибелік деңгейде негізделген, математикалық-статистикалық талдаулар арқылы дәлелділігі расталған.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>Ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Докторант Битемирова Шолпан Абутобаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарған қағидаттарды айтуға болады: 7.1 Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар теориялық әдістемелік, практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденген. 7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған негізгі қағидасы жаңа. 7.4 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚРБЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, SciVerse Scopus базасына енген шетелдік басылымында, халықаралық және республикалық конференцияларда жарияланған мақалалармен дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен	8.1 Әдістеменің тандауы негізделген. Докторант педагогикалық зерттеу және тәжірибелік эксперименттік жұмыстар жүргізуде педагогикалық, теориялық, статистикалық, эмпирикалық әдістерді қолданған. 8.2 Докторант диссертациясының эксперимент жұмыс нәтижелерін өңдеу барысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу әдістемелерін қолданған. Саулнама алу үшін Google form мүмкіндіктерін және

	деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	тәжірибелік эксперимент нәтижелерін математикалық - статистикалық өңдеу әдістерінде Excel электронды кестесін қолданған. Компьютерлік графикалық бағдарламаларда жобалық жұмыстар орындалды.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	8.3 Теориялық тұжырымдар мен әдістемелік шешімдер жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде тәжірибелік тұрғыда жүзеге асырылды. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, үдерістік, бағалау-нәтижелік блоктарынан тұрады (6 - сурет). Аталған модель ЖОО мен кәсіптік білім беру колледждерінде болашақ кәсіптік оқыту педагогын даярлауда компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтиды. Зерттеу аясында әзірленген болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделінің нәтижелері Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ж. Ташенев атындағы университет, Шымкент университеті студенттері қатысқан педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде дәлелденді. Эксперимент қорытындылары диссертациялық жұмыстың қосымшасында берілген ендіру актілері арқылы нақтыланды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш негізгі кезеңде ұйымдастырылған: бастапқы анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері. Зерттеу жұмыстары жүйелі жоспар негізінде жүргізілген. Білім беру үдерісіне енгізілген элективті курстың мазмұны мен әдістемелік құрылымы студенттердің компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді нәтиже көрсетті. Алынған деректер математикалық-статистикалық өңдеуден өткізіліп, ұсынылған әдістеменің практикалық маңыздылығы мен тиімділігін айқындады.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /	8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған. Негізгі ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық

		ішінара расталған/ расталмаған.	актілеріне, отандық және шетелдік ғалымдардың педагогикалық және психологиялық еңбектеріне, сөздіктерге, анықтамалықтар мен энциклопедияларға, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға, интернет-ресурстарға, халықаралық конференциялар материалдары мен ғылыми жарияланымдарға, сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған дереккөздерге сүйене отырып негізделіп, расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз.	8.5. Пайдаланылған 209 әдебиеттер тізімі саралаумен және шолуға жеткілікті. Ол библиографиялық дереккөзден тұрып, ғылыми, оқу-әдістемелік, мерзімді басылымдар, заңнамалық-нормативтік құжаттар, статистикалық және электрондық ресурстар секілді сенімді ақпарат көздерінің кең ауқымын біріктіреді.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеуде болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері жүйелі түрде келтірілген. Атап айтқанда: 1. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланып; 2. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалған; 3. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың дидактикалық шарттары анықталып; 4. ЖОО-да болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі ұсынылды, оның тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде дәлелденген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	9.2 Диссертациялық зерттеудің практикалық құндылығы айтарлықтай жоғары және оның нәтижелерін білім беру жүйесінде нәтижелі пайдалануға мүмкіндік мол. «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» пәнінің оқу бағдарламасы, оқу құралы, электрондық оқулық, электронды практикалық жұмыс, студенттің өзіндік

			жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулық, рөлдік ойын, практикалық сабақтар мен диагностикалық жүйені қамтитын оқу-әдістемелік кешен әзірленіп. Ол компьютерлік-графикалық құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді және оқу материалын меңгеру сапасын арттырады. Дайындалған оқу-әдістемелік құралдарды ЖОО-да, Техникалық және кәсіптік білім беру үдерісінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	9.3 Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа: Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруда кәсіптік оқыту мақсаты, міндеттері мен мазмұны, пәнді оқыту әдістерінің үйлесімділігі мен өзара байланысқан. «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» атты элективті пән және пәннің оқу-әдістемелік кешенін қолдану болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыздандырады. «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» атты элективті пәнді оқыту және пәннің оқу-әдістемелік кешенін қолдану болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу деңгейі жоғары. Диссертацияның тілі мен баяндау стилі ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыстың мазмұнында негізгі ұғымдар, анықтамалар және терминологиялық аппарат жүйелі әрі жеткілікті дәрежеде қамтылған. Диссертацияның құрылымы мен рәсімделуі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын қолданыстағы стандарттарға сай орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Ұсынылған ғылыми жұмыстың теориялық және практикалық құндылығы жоғары. Дегенмен, диссертациялық жұмыстың мазмұнымен таныса отырып, төмендегі ескертулер анықталды: 1. Диссертацияның ғылыми аппаратының құрылымында зерттеудің жетекші идеясы зерттеу міндеттерінің алдында берілген. Осыған байланысты ғылыми аппарат элементтерінің реттілігін қайта қарастырып, зерттеу идеясының орнын ғылыми зерттеу құрылымының логикасына сәйкес нақтылау ұсынылады. 2. Зерттеу жұмысында графикалық бағдарламалар қолданылған, егер де олармен қатар FreeCAD бағдарламасы пайдаланғанда	

		зерттеудің практикалық маңыздылығы арта түсер еді. 3. Диссертациялық жұмыста орфографиялық қателер кездеседі. Дегенмен бұл ескерту зерттеудің жалпы ғылыми және практикалық құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант жариялаған мақалалар диссертациялық зерттеудің тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді және жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде дайындалған. Зерттеу нәтижелері ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған ғылыми басылымдарда, сондай-ақ халықаралық Scopus дерекқорына енген журналдарда жарияланған. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығы мен өзектілігін айқындап, оның қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін көрсетеді. 1. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың мәні. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы». Ғылыми журналы. «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3(79). Алматы, 2023ж. Б.167-181 2. Development possibilities of competitiveness of experts using of training information technologies. Proceedings V International Conference «Industrial Tehnologies and Engineering» ICITE – 2018, Volume VI. Shymkent: M.Auezov South Kazakhstan University, 2018. pp. 206-212. 3. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін арттыру жолдары. «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. Алматы: Абылай хан ат.ҚазХҚжӨТУ, 2019. Б.174-179. 4. Болашақ педагогтардың компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі. «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУхабаршысы». Ғылыми журналы, № 75 (4). Алматы, 2024ж. Б.92-110. 5. «Көркем еңбек» пәнін жаңартылған білім беру бағдарламасында оқытудың формасы. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». халықаралық ғылыми журналы, №12/2. Алматы, 2019ж. Б. 121-126. 6. Киім үлгілерін жобалауда студенттердің компьютерлік графикалық құзыреттілігін арттыру мүмкіндіктері. Materials of the VI International Scientific-Practical Conference «Prospects for the Development of Modern Science». Vol.II Daejeon (Korea), 2021. pp. 250-255 7. Кәсіптік оқыту студенттерін компьютерлік графика бағдарламасында киім үлгілерін модельдеуге үйрету. Materials of the III International Scientific-Practical Conference. «Innovative Processes Management in the Context of Education and Science Modernization». Vol. II Hamburg (Germany), 2021. pp.112-119 8. Pre-service TVET Teachers' Digital Competence: Evidence from Survey Data. Tem Journal-Technology Education Management Informatics. Volume 12 (2), May 2023, pp. 1182-1189 9. Computer graphics in costume design. Auezov Readings-18: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference «The Spiritual Heritage of the Great Abai dedicated to the 175th

		anniversary of Abai Kunanbayuly». Vol. 9. Shymkent: M. Auezov OKSU, 2020. pp. 149-152. 10. Компьютерлік графикалық бағдарламаны киім үлгілерін жобалауда пайдаланудың тиімділігі. Materials of the IX International Scientific-Practical Conference. Quality Management: Search and Solutions. Vol. II Dallas (USA), 2023. pp.283-287.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	8D01450 (6D012000) – Кәсіптік оқыту бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми- әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс толық аяқталған зерттеу еңбегі деп есептей келе, оның авторы Битемирова Шолпан Абутобаевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Информатика кафедрасы
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

02.06.2026

С.М. Кеңесбаев

Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
 Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба